

## Жұмыссыздар үшін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 25 ақпандағы N 115 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әділет басқармасында 2010 жылғы 9 сәуірде N 7-3-93 тіркелді. Күші жойылды Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 24 ақпандағы N 151 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімдігінің 24.02.2011 N 151 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жұмыссыздар үшін қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылсын және қосымшаға сәйкес ұйымдардың тізбелері, қоғамдық жұмыстардың түрлері мен жағдайлары, еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері бекітілсін.

2. Күнтізбелік жыл бойы жұмыссыздар қоғамдық жұмысқа қайта тартылуы мүмкін деп танылсын.

3. "Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (И. Сивкова) жұмыссыздардың қоғамдық жұмысын жергілікті бюджеттен қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т. Сидыққа жүктелсін.

Аудан әкімі

Б. Шакимов

КЕЛІСІЛДІ:

"Бөрлі аудандық аурухана"

мемлекеттік коммуналдық

қазыналық кәсіпорнының

директоры

----- Алдангаров А.А.

23.02.2010 ж.

"Батыс Қазақстан облысы  
Бөрлі ауданының қорғаныс  
істері жөніндегі бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің  
бастығы, майор  
-----Кенжеғалиев Н. У.

23.02.2010 ж.

"Батыс Қазақстан облысы  
ішкі істер Департаментінің  
Бөрлі ауданының ішкі істер  
бөлімі" мемлекеттік  
мекемесінің бастығы,  
полиция полковнигі  
-----Наурзалиев Н. М.

23.02.2010 ж.

"Қазақстан Республикасы  
қаржы Министрлігі салық  
комитетінің Батыс  
Қазақстан облысы бойынша  
салық департаментінің  
Бөрлі ауданы бойынша салық  
басқармасы" мемлекеттік  
мекемесінің бастығы  
-----Куспанова З. М.

23.02.2010 ж.

"Қазақстан Республикасы  
төтенше жағдайлар Министрлігі  
Батыс Қазақстан облысы  
бойынша Төтенше жағдайлар  
департаменті Бөрлі ауданының  
төтенше жағдайлар бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің  
бастығы  
-----Миндеев Ж. Т.

23.02.2010 ж.

Қ о с ы м ш а

Бөрлі ауданы әкімдігінің  
2010 жылғы 25 ақпандағы

№ 115 қаулысымен бекітілген

**Ұйымдардың тізбелері, қоғамдық жұмыстардың түрлері мен шарттары, еңбегіне төленетін ақының мөлшері мен оларды қаржыландыру көздері**

N	Ұйымдардың атаулары	Қоғамдық жұмыстың түрлері	Қаржы-ландыру көзі	Жұмыс шарттары	Төлем ақының мөлшері
1	"Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданының тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Көгалдандыру, ағаш және гүл егу, тоғандар мен арықтарды қоқыстан тазарту, аумақты, көшелерді, жол жиегін қардан, қоқыстан, арам шөптен тазарту, халық санағы мен мал санағын жүргізу, үйлердің маңындағы жертөлелерді тазарту	Аудандық бюджет	Жұмыс беруші жасайды (Ең төменгі қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етеді)	Ең төменгі жал-ақыдан кем емес
2	Ауданның ауылдық, селолық округ әкімдерінің аппараттары	Көгалдандыру, ағаш және гүл егу, тоғандар мен арықтарды қоқыстан тазарту, аумақты, көшелерді, жол жиегін қардан, қоқыстан, арам шөптен тазарту, халық санағы мен мал санағын жүргізу, үйлердің маңындағы жертөлелерді тазарту, бұлақтарды абаттандыру	Аудандық бюджет	Қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етеді	Ең төменгі жал-ақыдан кем емес
	Мемлекеттік мекемелер: а) "Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі"; б) "Батыс Қазақстан облысы ішкі істер Департаментінің Бөрлі ауданының ішкі істер бөлімі"; в) "Қазақстан Республикасы қаржы Министрлігі салық комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша салық департа-	Әскер қатарына шақырылатын жастағы азаматтарды			

3	<p>ментінің Бөрлі ауданы бойынша салық басқармасы"; г) "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Батыс Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар департаменті Бөрлі ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі"; д) "Батыс Қазақстан облысының әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Бөрлі аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны</p>	<p>құлақтандыру, тұрғындар жөнінде мәлімет жинау (халық санағын, мал санағын жүргізу және т.б.), шақыру қағаздарын тарату және азаматтарды құлақтандыру</p>	<p>Аудандық бюджет</p>	<p>Қажетті құрал-жабдықтармен, азаматтарды нақты мекен жайларымен қамтамасыз етеді</p>	<p>Ең төменгі жал-ақыдан кем емес</p>
---	--	---	------------------------	--	---------------------------------------